



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 015 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2004 жылғы 7 шілде

Қаржы рыногындағы ағымдағы жағдай туралы

1. Инфляция. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің ресми деректері бойынша инфляция 2004 жылғы маусымда 0,3% болды (2003 жылғы маусымда – 0,1%). Тұтыну бағаларының өсуі азық-түлікке жатпайтын тауарлардың 1,0%-ға және ақылы қызмет көрсетудің 0,3%-ға қымбаттауынан орын алды, азық-түлік тауарларына бағалар 2004 жылғы мамырдағы – 0,0% деңгейінде қалды.

Азық-түлік тауарларының құрылымында ет және ет тағамдарына (1,5%-ға), балық және теңіз өнімдеріне (0,6%-ға) бағалардың өсуі жұмыртқаға (3,2%-ға), сүт пен сүт өнімдеріне (2,8%-ға), жеміс-жидек пен көкөніске (1,1%-ға) бағалардың төмендеуімен өтелді. 2004 жылғы маусымда өткен айлармен салыстырғанда нан және арпа өнімдеріне бағалардың 0,1 % баяулауын оң жағдай ретінде атап өткен жөн. Басқа азық-түлік тауарларына бағалар айтарлықтай өзгерген жоқ.

Азық-түлікке жатпайтын тауарларға бағаның өсуі көп жағдайда бензиннің 8,5%-ға (жылдық көріністе 33,0%-ға) және дизель отыны мен мазуттың 11,9%-ға қымбаттауына байланысты болды. Сонымен қатар кілемдер – 0,7%-ға, ыдыс-аяқ – 0,6%-ға, аяқ-киім мен жеке гигиена тауарлары – 0,5%-ға қымбаттады.

Ақылы қызмет көрсетудің ішінде медициналық қызмет көрсету – 1,5%-ға, мәдениет мекемелерінің қызмет көрсетуі – 0,6%-ға, көлік және білім беру мекемелерінің қызмет көрсетуі 0,5%-ға қымбаттады. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызмет көрсетуге бағалардың өсуі тұрғын үйді ұстау – 1,0%-ға, сондай-ақ газбен жабдықтаудың 0,6%-ға қымбаттауы нәтижесінде орын алды.

Ағымдағы жылдың басынан бері инфляцияның деңгейі 2,4% болды (2003 жылдың қаңтар-маусымында – 2,3%), сонымен бірге азық-түлік тауарларына баға 3,0%-ға, азық-түлікке жатпайтын тауарларға – 1,7%-ға, халыққа ақылы қызмет көрсету – 1,7%-ға көтерілді.

2004 жылғы маусымда инфляция жылдық көрсетуде 6,9%-ды құрады (2004 жылғы мамырда – 6,6%).

2. Төлем балансы. 2004 жылғы 1-тоқсанның қорытындылары бойынша төлем балансының ағымдағы шотының профициті 349 млн. АҚШ долл. болды. Кірістер мен халықаралық қызмет көрсету бойынша теріс сальдоның үштен бірінен астамы өскен жағдайда ағымдағы шот операциялары бойынша оң сальдо белсенді сауда балансының 1,5 млрд. долл. дейін өсуімен қамтамасыз етілді.

Бағалардың жоғары деңгейі тауарлар экспортының өте жоғары тоқсандық көрсеткішіне – 4,1 млрд. АҚШ долл. жетуді қамтамасыз етті, бұл 2003 жылғы осындай

кезеңнен 29%-ға жоғары, оның ішінде 2,2 млрд. АҚШ долл. мұнай мен газ конденсатының экспортына тиесілі. Тауарлар импорты да жоғары қарқынмен өсті – тоқсан ішінде ол 2,6 млрд. АҚШ долл. жуық болды, бұл 2003 жылғы 1-тоқсанның көрсеткішінен 1,4 есе көп.

Шетелдік тікелей инвестициялардың (ШТИ) нетто-әкелінуі тоқсан ішінде 951 млн. АҚШ долл. құрады. Бұрынғыдай ШТИ-дың әкелінуінің басым бөлігі мұнай мен табиғи газды өндіруге, сондай-ақ геологиялық және барлау қызметіне тиесілі. Республиканың банк секторы тартқан ұзақ мерзімді заемдардың нетто-әкелінуі 350 млн. АҚШ долл. болды.

Экспорттық кірістердің өсуі және сыртқы қаржы ресурстарының келуі жеке сектордың шетелдік активтерінің және елдің ресми резервтерінің айтарлықтай өсуіне себепші болды.

2004 жылғы 1-тоқсанда жалпы сыртқы борыш 890 млн. АҚШ долл. астам ұлғайды және 2004 жылғы 31 наурызда 23,7 млрд. АҚШ долл. асты.

3. Халықаралық резервтер және ақша агрегаттары. 2004 жылғы маусымда Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағаларда 1,3%-ға өсіп, 6631,3 млн. долларға жетті. Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногынан валюта сатып алуы және Қаржы министрлігінің шотына шетел валютасының түсуі таза валюталық қорлардың (ЕАВ) 81,6 млн. долларға толықтырылуына ықпал етті. Алтындағы активтер Ұлттық Банк жүргізген операциялар мен оның әлемдік рыноктардағы бағаларының 0,03%-ға төмендеуі нәтижесінде 1,6 млн. долларға өсті.

Елдің халықаралық резервтері тұтастай алғанда, яғни Ұлттық қордың ақшасын қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша 3701,2 млн. долл.) маусымда 0,9%-ға ұлғайып, 10336,6 млн. долларды құрады.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің өсуі 2004 жылғы маусымда ақша базасының 7,8%-ға ұлғайып, 388,5 млрд. теңгеге жетуіне себеп болды.

2004 жылғы мамырда ақша массасы 5,2%-ға өсіп, 1147,5 млрд. теңге болды. Ақша массасы ұлғаюының негізгі факторлары банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің (2%-ға), сол сияқты оның ішкі активтерінің (8,3%-ға) өсуі болды.

Айналыстағы қолма-қол ақша (M0) мамырда 1,4 %-ға 260,5 млрд. теңгеге дейін өсті, ал ақша массасының құрылымындағы банк жүйесіндегі депозиттер 6,4%-ға 887 млрд. теңгеге көбейді. Мамырда айналыстағы қолма-қол ақшамен салыстырғанда депозиттердің өсу қарқынының алға шығуы қолма-қол ақшаның ақша массасы құрылымындағы үлесінің 23,6 %-дан 22,7 %-ға дейін төмендеуіне себеп болды.

Ақша массасымен салыстырғанда ақша базасы өсу қарқынының алға шығуы ақша мультипликаторының 3,45-тен 3,18-ге дейін төмендеуіне әсер етті.

4. Валюта рыногы. Қазақстандық экспорттың негізгі тауарларына әлемдік бағалардың жоғары деңгейі ішкі валюта рыногына экспортерлердің валюта түсімінің едәуір ағынына ықпал етті, бұл ұлттық валютаның АҚШ долларына қарағанда қымбаттай түсуіне әсер етті. Бір ай ішінде теңгенің АҚШ долларына бағамы 1 доллар үшін 136,00 теңге – 136,77 теңге аралығында өзгеріп отырды. Бір айда теңге 0,83%-ға нығайды (қаңтарда нығайу 2,73%, ақпанда 0,19%, наурызда 0,16%, сәуірде 0,53%, мамырда 0,72% болды). Айдың аяғында теңгенің биржалық бағамы бір доллар үшін 136,06 теңгені құрады.

Жыл басынан бері теңгенің АҚШ долларына номиналдық нығайуы 5,07 % болды (мамырдың аяғында – 4,28 %). Теңгенің АҚШ долларына қарағанда орташа алынған айырбас бағамы 2004 жылдың 6 айында 1 АҚШ доллары үшін 138,42 теңге болды.

Ағымдағы жылдың 5 айында теңге нақты көріністе ресей рубліне қарағанда 0,9%-ға, АҚШ долларына қарағанда 5,9%-ға және еуроға қарағанда 8,7%-ға нығайды.

2004 жылғы маусым айында биржалық операциялардың қосымша саудасаттықтағы мәмілелерді қоса алғандағы көлемі мамырмен салыстырғанда 6,8 %-ға көбейіп, 536,6 млн.долларға жетті (жыл басынан бері биржалық операциялардың көлемі 3,3 млрд. доллар болды).

Биржадан тыс валюта рыногындағы операциялардың көлемі мамырдағы көрсеткішпен салыстырғанда 9,0 %-ға көбейіп, 641,6 млн. долл. болды (жыл басынан бері – 3,8 млрд. долл.)

5. Мемлекеттік бағалы қағаздар рыногы. 2004 жылғы маусымда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының көлемі 2004 жылдың мамырымен салыстырғанда 36,5%-ға өсіп, 10,6 млрд. теңге болды.

2004 жылғы маусымда 6 айлық МЕКҚАМ бойынша ғана аукциондар өткізілді, орташа мерзімді қағаздар бойынша аукциондар өткізілген жоқ. 6 айлық МЕКҚАМ бойынша кірістілік өзгерген жоқ және 4,95 % құрады.

Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын сыйақы төлеуді қоспағанда өтеу 2004 жылдың маусым айында 1,6 млрд. теңге болды.

Нәтижесінде Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі 2004 жылдың маусым айының аяғында өткен аймен салыстырғанда 4,8%-ға 199 млрд. теңгеге дейін көбейді.

Ұлттық Банктің ноттары эмиссиясының көлемі 2004 жылғы маусымда олар бойынша кірістіліктің 5,00%-дан 4,98%-ға дейін төмендеуі кезінде 2004 жылғы мамырмен салыстырғанда 16,9%-дан 32,6 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Маусымда Ұлттық Банктің ноттарын өтеу көлемі 26,7 млрд. теңгеге жуық болды.

Маусымның аяғында айналыстағы ноттардың көлемі өткен аймен салыстырғанда 2,1%-ға көбейіп, 311,8 млрд. теңге болды.

2004 жылғы маусымда өткен аймен салыстырғанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тікелей репо операциялары бойынша мәмілелер көлемі 41,6%-ға өсіп, 79,0 млрд. теңгеге жетті. 2004 жылғы маусымда кері репо операциялары жүргізілген жоқ.

6. Депозит рыногы. Резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі мамырда 6,4%-ға (жыл басынан бері – 21,1%-ға) өсті және 887,0 млрд. теңгені (6,5 млрд. АҚШ долларына жуық) құрады.

Ұлттық валютадағы депозиттер 483,0 млрд. теңгеге дейін 8,2% ұлғайды, ал шетел валютасындағы депозиттер 404,0 млрд. теңгеге (2,9 млрд. АҚШ доллары) дейін 4,4%-ға өсті. Нәтижесінде теңгедегі депозиттердің үлес салмағы мамырда 53,6%-дан 54,5%-ға дейін көбейді.

Заңды тұлғалардың депозиттері 516,7 млрд. теңгеге дейін 10,1%-ға, ал жеке тұлғалардың салымдары 370,4 млрд. теңгеге дейін 1,7%-ға ұлғайды.

Халықтың (резидент емесерді қоса алғанда) салымдары бір айда 377,4 млрд. теңгеге дейін 1,6%-ға (жыл басынан бері – 9,9%-ға) өсті. Халықтың салымдары құрылымындағы теңгедегі депозиттер 3,9%-ға 165,4 млрд. теңгеге дейін, ал шетел валютасындағы депозиттер көлемі іс жүзінде өзгерген жоқ (212,0 млрд. теңге). Нәтижесінде теңгедегі депозиттердің үлес салмағы сәуірмен салыстырғанда 42,9%-дан 43,8%-ға дейін өсті.

Мамырда банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді салымдары бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2,9% (2004 жылғы сәуірде- 3,0%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша 9,6% (9,2%) болды.

7. Кредит рыногы. Мамырда банктердің экономикаға кредиттері бойынша негізгі борышының жалпы көлемі 5,7%-ға (жыл басынан бері – 18,2%-ға) өсті және 1156,6 млрд. теңгені (8,4 млрд. АҚШ долларын) құрады.

Ұлттық валютадағы кредиттер 540,5 млрд. теңгеге дейін 6,4%-ға, ал шетел валютасындағы кредиттер 616,1 млрд. теңгеге (4,5 млрд. АҚШ долларына) дейін 5,0%-ға өсті. Теңгедегі кредиттердің үлес салмағы сәуірмен салыстырғанда 46,4%-дан 46,7%-ға дейін ұлғайды.

Ұзақ мерзімді кредиттер 749,9 млрд. теңгеге дейін 5,9%-ға, қысқа мерзімді кредиттер 406,7 млрд. теңгеге дейін 5,2%-ға өсті. Ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы сәуірмен салыстырғанда 64,7%-дан 64,8%-ға дейін ұлғайды.

Банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген кредиттері бір айда 243,8 млрд. теңгеге дейін 4,3%-ға ұлғайды.

Мамырда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 15,0%-дан 14,3%-ға дейін, ал жеке тұлғаларға кредиттер бойынша 21,5%-дан 21,1%-ға дейін төмендеді.

8. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» мемлекеттік мекемесінің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығына (филиалына) – 5 жыл.

5 жыл бұрын, 1999 жылдың 16 шілдесінде Мемлекеттік комиссия Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Мемлекеттік құндылықтар қоймасының (Мемқойма) жаңа объектісін пайдалануға қабылдау актісіне қол қойды.

Ұлттық Банктің құрылымын жетілдіру мақсатында Директорлар кеңесінің 1999 жылғы 20 тамыздағы № 339 қаулысымен жаңа филиал – «Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығын» құру туралы шешім қабылданды. Оған бұрынғы Мемқойма және Ұлттық Банктің Бас Алматы филиалының қолма-қол ақшамен жұмыс істейтін бірқатар бөлімшелері кірді.

Қазіргі уақытта Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (бұдан әрі – Орталық) Ұлттық Банктің ең ірі филиалы болып табылады, оның құрылымына 16 бөлім және қызмет кіреді. Орталық ақша айналысы, төлемдерді үздіксіз және уақтылы жүргізуді қамтамасыз ету, банктік есеп айырысуларды және валюталық қатынастарды ұйымдастыру саласындағы Ұлттық Банктің саясатын жүргізуге белсенді қатысады.

Қолма-қол ақшаны Банкнот фабрикасынан және Қазақстан теңге сарайынан алатын Ұлттық Банктің жалғыз бөлімшесі бола отырып, Орталық республика аймақтарының экономикасы үшін қажетті деңгейде облыстық филиалдардың резервтік қорларын қолма-қол ақшамен қамтамасыз етіп отырады.

Штатында білікті мамандары және «De La Rue» фирмасының қазіргі заманғы жоғары өндірістік жүйелері бар Орталық қолма-қол ақшаны сапалы өңдейді, қайта санайды және сұрыптайды, қолма-қол ақшаны, қымбат металдарды және басқа да құндылықтарды сақтайды, кассалық қызмет көрсетеді. Сонымен бірге Орталық «Kusters Engineering B.V.» (Голландия) фирмасының «CDS-250 L» қазіргі заманғы жүйесін пайдалана отырып, тозығы жеткен қолма-қол ақшаны жою және банкноттардың қалдықтарын брикеттеу жөніндегі функцияларды орындайды.

Орталықтың қажетті арнайы көлігі бар және ол республиканың облыс орталықтарына, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктерге инкассация қызметі арқылы қолма-қол ақшаны жеткізу және әкетудің маңызды міндетін орындайды.

Сонымен қатар Орталық Қазақстан теңге сарайы шығаратын ең жоғары сынамды күмістен және алтыннан соғылған коллекциялық және инвестициялық монеталарды сатуды қамтамасыз етеді.

Орталықтың өндірістік ортасы және инфрақұрылымы халықаралық стандарттарға сәйкес келеді және өмірді қамтамасыз ету, күзет және өрт дабылы мен қауіпсіздіктің қазіргі заманғы жүйелерімен жабдықталған. Еуропалық стандарттарға сай салынған қоймалар қымбат металдардың және олардан жасалған бұйымдардың, қолма-қол ақшаның резервтік қорларының және сақтаудағы басқа да құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етеді. Қолма-қол ақша айналысын одан әрі жетілдіру, қолма-қол ақшаны есепке алу, өңдеу және сақтау процестерін автоматтандыру, көрсетілетін қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында Орталық алдыңғы қатарлы шетелдік тәжірибені зерделеу негізінде екінші деңгейдегі банктермен бірлесіп қолма-қол ақшаны өңдеу, сақтау, тасымалдау және жоюдың шоғырландырылған жүйесін құру мәселесін пысықтау үстінде.

Орталықта ISO 9001:2000 стандарттары бойынша Халықаралық сапа жүйесінде сертификатталған химиялық-талдау сараптамасының зертханасы бар. Ол қымбат металдардың барлық түрлерін, қымбат металдардың қорытпасын рентген, масс-спектрлік және атомдық-эмиссиялық әдістер арқылы сапалы және сандық талдауды, сондай-ақ литийден бастап уранға дейінгі элементтерді тексеруге арналған кенге талдауды, қымбат металдары бар сынықтар мен қалдықтарды талдауды, ағынды және табиғи суларды талдауды қамтамасыз етеді.

Орталықта «Bruker», «Spectro Analytical Instruments» фирмаларының қазіргі заманғы талдау құралдары (рентгендік спектрометрлер, индукциялық плазмасы және ұшқын шығаратын атомдық-эмиссиялық спектрометрлер, индукциялық плазмасы және лазерлік сынамды іріктеу құрылғысы бар масс-спектрометрлер, сынамдарды орнатуға арналған шағын толқынды жабдық, индукциялық және термикалық балқыту жабдығы, жалға алу жабдығы) бар. Сонымен бірге талдау жасау үшін тазалығы аса жоғары қышқылдар мен су, қымбат металдардың барлық түрлерінің стандартты үлгілері пайдаланылады. Осының бәрі ұлттық және халықаралық стандарттар деңгейінде талдаудың жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

Қымбат металдардың қор бөлімінің негізінде құрылған сынақ орталығы «Мемлекеттік сертификаттау жүйесінде» тіркелген. Қазақстан Республикасының аккредиттеу жүйесі ҚР-ның «СТ 7.3 – 2002» стандартына сәйкес қымбат металдардан және асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарға сараптама жүргізеді, оларды бағалайды және сертификациялық сынақтан өткізеді. Ол зергерлік бұйымдардың химиялық құрамын бұзбайтын әдіс арқылы айқындауды қамтамасыз ететін республикадағы жалғыз орталық болып табылады.

Қазіргі уақытта Орталық көп салалы өндірісті тиімді басқаруды және клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін сапа менеджменті жүйесін әзірлеу және ендіру жөніндегі іс-шаралардың жиынтығын орындауда.